# Мектеп ішіндегі дамыту жұмысынан басталатын реформа: Қазақстан ұстаздарының көшбасшылығы


**Күнсұлу Құрманқұлова**,

Ағылшын тілі мұғалімі,

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимнасиясы, Тараз қаласы

**Эльзира Бижигитова,**

Ағылшын тілі мұғалімі, НЗМ, Тараз қаласы

**Гүлнара Кенжетаева**,

Оқу ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары,

Аса дарынды балаларға арналған “Дарын” мектеп-интернаты,

Тараз қаласы

# Мазмұны

1. Кіріспе: ұстаздардың көшбасшылығын дамыту бағдарламасы
2. Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: №5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты
3. Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: Назарбаев зияткерлік мектебі
4. Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: “Дарын” мектеп-интернаты
5. Қорытынды

# (1) Кіріспе: ұстаздардың көшбасшылығын дамыту бағдарламасы



**Фото:** мектепаралық кездесу №1

- 2016-2017 оқу жылы
- **Бағдарлама:** "Білім алу мен ынтымақтасудағы ұстаз көшбасшылығы" (ары қарай - Бағдарлама)
- **Қатысушылар саны:** Тараз қаласының 4 мектебінен 31 ұстаздар мен мектеп әкімшілігі қатысты

# (1) Кіріспе: ұстаздардың көшбасшылығын дамыту бағдарламасы

**1 Кезең**
(қазан, 2016-
қаңтар, 2017)
Топтық сессиялар 1-2
Бетпе-бет кездесулер 1-2

**1-і мектепаралық кездесу**
(қаңтар, 2017)

**2 Кезең**
(қаңтар-наурыз, 2017)
Топтық сессиялар 3-4
Бетпе -бет кездесулер 3-4

**2-і мектепаралық кездесу**
(наурыз, 2017)

**3 Кезең**
(наурыз-маусым, 2017)
Топтық сессиялар 5-6
Бетпе – бет кездесулер 5-6

**Халықаралық ұстаз көшбасшылығы**
(мамыр, 2017)

## (1) Кіріспе: ұстаздардың көшбасшылығын дамыту бағдарламасы

“Осы уақытқа дейін көшбасшы деген бір тек қана әкімшілікте отыратын немесе құзыреті жоғары мамандар деп есептейтінмін. Осы уақытқа дейін мысалы қаншама өзімнің тәжірибем жоғары болса да солай есептейтінмін. Ал енді қазір ойлаймын, жас маман болса да ол көшбасшы бола алады. Ол өзінің идеяларымен бөлісе алса, өзінің ойын ашық айта алса, өзінен кейін біреуді ертсе, ынтымақтастықта жұмыс істей алатын маман болса, ол көшбасшы бола алады”.

(биология пәнінің ұстазы, Тараз, 2017)

# (2) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: **№5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты**



**Фото:** Тараз қаласының №5 мектеп-гимназиясы

- **Мектептің негізі қаланған жыл:** 25 қыркүйек 1934 ж.
- **Түлектер**: 10 ғылым докторлары және 60 ғылым кандидаттары
- **Түлектердің арасында:** жазушы Шерхан Мұртаза, профессор Мырзатай Жолдасбеков, қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді, Қаратай Тұрысов, Мухамеджан Қаратаев.

# (2) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:

## №5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты



Жусипбекова Жанара
**Биология мұғалімі**



Құрманқұлова Күнсұлу
бағдарлама координаторы
**Ағылшын тілі мұғалімі**

Оңғарова Роза
**Ағылшын тілі мұғалімі**





Молдабекова Гүлфайрусь
**Бастауыш мектеп мұғалімі**

Идырысова Дария
**Ағылшын тілі мұғалімі**





Нуртаева Сандугаш
**Химия мұғалімі**



Алимбекова Айгүл
**Ағылшын тілі мұғалімі**



Бекболатова Айгүл
**Ағылшын тілі мұғалімі**

Асылбек Кожа Ахмед
**Тарих мұғалімі**



# (2) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# №5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты




**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

## Ұстаздардың кәсіби мәселелері:

- Оқушылардың өз ойын дәлелдеуде белсенділік танытпайтындығы
- Бір-біріне сұрақ бергенде жауапты күтпей және басқалардың идеяларын сыни бағаламайтыны
- Оқушылар басқалардың сыни бағалауына және пікірлерінің қате болуына ашық бола бермейтіндігі
- Оқушылардың өздеріне деген сенімділіктің аздығынан көпшіліктің алдында өз ойларын айта алмауы
- Сыныптағы әңгіменің сапасы таным мен оқу үдерісінің дамуына кері ықпал ететіні
- Жаратылыстану пәндерінің қыр-сырын түсінбегендіктен оқушылардың қызығушылық танытпауы
- Оқушылардың бірлесіп білім алуға дағдыланбағаны
- Тіл сабақтарында оқушылардың кейбір дыбыстарды дұрыс айтпауының кері әсері

# (2) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# №5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты

**Ұстаздардың дамыту жобасын жүргізу барысында кездескен қиындықтар:**

- Сыныптағы оқушы санының шамадан тыс көп болуы
- Мектептің техникалық базасының жабдықталуы, инфраструктураның жоқтығы
- Сынып кабинеттерінің жетіспеуі
- Жаратылыстану пәндері бойынша кейбір материалдардың қазақ тілінде қол жетімсіздігі
- Оқу бағдарламасы бойынша берілген сағат санының мөлшерінің аздығы.

**Мүмкіндіктер:**

- Мектептер арасындағы серіктестіктің дамуына ықпал етті
- Мұғалімдер арасында облыс көлемінде тәжірибе алмасу орын алды, нәтижесінде оқу және оқыту үдерісіндегі проблемаларды бірлесіп шешуге оң ықпалын тигізді
- Қоғамдағы өзекті мәселелелердің бірі ұстаз беделінің артуына көшбасшылықтың оң әсері бар
- Оқушылардың білім сапасының артуына және шығармашылық қабілеттерінің дамуына үлес қосты

# (2) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# №5 Жамбыл атындағы мектеп-интернаты




**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

**Ұстаздардың дамыту жобаларының аясында жеткен жетістіктері:**

- 1 ұстаз директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары атанды
- 2 ұстаз бірлестік жетекшілері атанды
- 2 ұстаз республикалық авторлық бағдарлама конкурстарының 1 орын иегерлері атанды
- дарынды оқушы номинациясы бойынша 3 ұстаздың оқушылары облыстық, қалалық ғылыми жоба байқауларының жеңімпазы атанды
- 3 мұғалім «Мұғалім-зерттеуші», 3 мұғалім –»Мұғалім сарапшы» және 2 мұғалім – «Мұғалім модератор» статусына ие болды.

## (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: Назарбаев зияткерлік мектебі



**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

- **қазан, 2016 – мамыр, 2017:** Бағдарламаны мектептке енгізу
- **Қатысушылар саны:** 8 ұстаз
- **мамыр, 2017:** FLTAL халықаралық конференциясына қатысу – 1 ұстаз
- **қазан, 2017:** НЗМ IX халықаралық конференциясына қатысу – 4 ұстаз
- **қазан, 2017:** Ұлыбританиядағы HertsCam Network кәсіби қоғамдастығының мүшелерімен кездесу –1 ұстаз
- **2017 оқу жылы –** мектеп ішінде кәсіби білім алатын қоғамдастықтың негізін қалау

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# Назарбаев зияткерлік мектебі




**Кембридж, Ұлыбритания**





««Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

ДИПЛОМ

Каражигитова Канат Есеновна

«Мектеп мұғалімі: сабақты бақылаудан іс-тәжірибені зерттеуге дейін» атты АЙМАҚТЫҚ ФОРУМНЫҢ «Педагогикалық іс-әрекетті зерттеу тәжірибесінен» секциясында баяндама жасағаны үшін марапатталады

Пак О.В.
Назаралиева З.С.
Халық Г.Ж.
Амандосова К.С.
Сарсембаев Е.К
Телеубаев М.Т

Алматы, маусым 2018

АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
Филиал «Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления г. Алматы»

ДИПЛОМ

награждается

Каражигитова Канат Есеновна

за доклад с презентацией на секционной сессии «Из опыта исследования педагогической практики» РЕГИОНАЛЬНОГО ФОРУМА «Школьный учитель: от наблюдения урока к исследованию педагогической практики»

AEO "Nazarbayev Intellectual Schools"
The branch "Nazarbayev Intellectual school of Physics and Mathematics in Almaty"

DIPLOMA

has been awarded to

Karazhigitova Kanat Yesenovna

for the presentation at the group session "From the experience of study in pedagogical practice "of the REGIONAL FORUM " School Teacher: From Observing a Lesson to Pedagogical Practice"

**Нұр-Сұлтан, Қазақстан**
**НЗМ конференциясы**



# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: Назарбаев зияткерлік мектебі



Фото. Бағдарлама материалдары

- **мамыр, 2018:** FLTAL халықаралық конференциясы– 4 ұстаз
- **мамыр, 2018:** «Мұғалім-зерттеуші» конференциясында – 12 ұстаз
- **мамыр, 2017:** Ұстаз көшбасшылығы: рефлексиялық әңгімелер жинағы – 18 ұстаз
- **қазан, 2018:** X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы – 4 ұстаз жеке және 8 ұстаз бірлескен жоба жұмыстарын ұсынды.

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: Назарбаев зияткерлік мектебі

**Ұстаз көшбасшылығын дамытуда кездескен қиындықтар**

- Уақыт тапшылығы
- Ұстаздардың сабақтан тыс іс-шаралармен айналысуы (координаторлық жұмыс, бағалау, мониторингтер, кезекшіліктер, виртуалды-каникулярлық мектеп, түрлі жобалар, т.б.)

**Мүмкіндіктер**

- Ұстаздарды ынталандыру
- Мектепке байланысты мәселелерді жан-жақты зерттеу
- Халықаралық деңгейде конференцияларға қатысып, мақала жариялап, өз тәжірибеңмен бөлісу
- Қала, облыс мектептері ұстаздарымен қоғамдастық құру

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту: “Дарын” мектеп-интернаты

**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде мені келесі сұрақтар мазалады**:

- Мектеп тарапынан осы уақытқа дейін ұстаздарға кәсіби мәселелерді шешуде барлық мүмкіндіктер бере алдық па?
- Ұстаздардың үздіксіз кәсіби дамуына мектеп тарапынан қандай қолдау көрсете аламыз?
- Ұстаздарды үздіксіз кәсіби дамуға ынталандыру мектебіміздің дамуына қалай әсер ете алады?




**Фото**. “Дарын” мектеп-интернаты

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# “Дарын” мектеп-интернаты



**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

**Бағдарламаны аяқтаған ұстаздардың саны – 5 ұстаздар. Оның ішінде**:

- Тәжірибелі ұстаздар– 3 (қазақ тілі мен әдебиеті , биология, информатика пәндері).
- Жас мамандар – 2 (математика және ағылшын тілі).

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# “Дарын” мектеп-интернаты




**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

**Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту барысында төмендегілер маңызды болды:**

1. Өздерін толғандырып жүрген кәсіби мәселелерін анықтап, өз дамыту жобаларын жүргізуі;
2. Бір-біріне өзара қолдау көрсетуі;
3. Қолдау көрсету арқылы өздерінің сенімдерін арттыруы;
4. Үздіксіз кәсіби дамудың маңыздылығын түсінуі;
5. Өз бойында зерттеу мәдениетін жетілдіруі;
6. Өз қызметіне рефлексия жасай алуы;
7. Оқушыларға, әріптестеріне, ата-аналарға ықпал етуі;
8. Мектептің дамуына ықпал етуі.

# (3) Ұстаздардың көшбасшылығын дамыту:
# “Дарын” мектеп-интернаты

**Ұстаздардың жетістіктері:**

- Жобаға қатысушы ұстаздардың рефлексивтік есептер жинағы жарық көрді;
- 1 ұстаздың мақаласы «Педагогикалық диалог» журналында жарық көрді;
- 2 мұғалім 2017 жылы Алматы қаласында өткен "Халықаралық лингвистикалық конференцияда" баяндама жасап, конференцияның мақалалар жинағында жарияланды;
- 2017 жылы Алматы қаласында өткен "Педагогикалық идеялар" байқауында 2 ұстаз  жүлделі орын иемденді.

# Қорытынды ойлар




**Фото**. Бағдарлама материалдарынан

**Ұстаз көшбасшылығын дамыту:**

- **Мектептің құрылымын** ескеруді (мектеп басшылығының қолдауы, уақыт пен арнайы орын);
- **Мектептің кәсіби мәдениетін** жетілдіруді (ұстаздардың өзара ынтымақтастыққа ашық болуы)
- Жүйелі түрде іске асатын **стратегияларды** енгізуді талап етеді.

**РАХМЕТ!**